

**"1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалдау туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы N 1271 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалдау туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*Жоба*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**

**1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалдау туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы хаттаманы ратификациялау туралы**

Мәскеуде 2005 жылғы 25 қарашада қол қойылған 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалдау туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы хаттама ратификациялансын.

Президенті

1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалдау туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі, төмендегілер туралы келісті:

1. 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалдау туралы шартқа (бұдан әрі - Шарт) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 3-бап мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"Полигон - жер учаскелерін және оларда орналасқан мүлікті қамтитын біртұтас к е ш е н .

Полигонды жалдау объектісінің бір бірлігі үшін ставка, яғни Полигонның жалға берілген жер учаскелерінің, оның ішінде оларда орналасқан жылжымалы және жылжымайтын мүлік объектілерімен қоса жер учаскелерінің аудан (гектар) бірлігін пайдаланғаны үшін жалдау ақысы 2,33 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленеді.";

2) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Шарттың 3-бабында белгіленген Полигонды жалдау объектісінің бір бірлігіне ставканы негізге ала отырып есептелген Полигонды пайдаланғаны үшін жыл сайынғы жалдау ақысы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап 4,454 млн. АҚШ долларына баламалы соманы құрайды. Бұл ретте жалдау ақысының көрсетілген мөлшері осы Шартқа қол қойылған күні болған немесе Қазақстан Республикасының аумағында осы күннен кейін енгізілген және Полигонды жалдауға қатысты салықтардың, комиссиялардың, алымдардың және өзге де төлемдердің барлық түрін ескереді.

Полигонның жалға берілетін жер учаскелерінің, сондай-ақ оларда орналасқан жылжымалы және жылжымайтын мүлік объектілерімен қоса жер учаскелерінің құрамы өзгерген кезде, жалдау ақысы Полигонды жалдау объектісінің бір бірлігіне белгіленген ставканы ескере отырып, жер учаскелерінің жалға берілетін ауданының өзгеруіне т е п е - т е н өз г е р е д і .

Полигонды пайдаланғаны үшін жалдау ақысы өзгерген жағдайда осы Шартқа Тараптардың өзара келісуі бойынша жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер

енгізілуі

мүмкін." ;

3) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Шарттың 4-бабында белгіленген жыл сайынғы жалдау ақысы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап АҚШ долларымен алынады.

Жалдау төлемдерін аудару жыл сайын әрқайсысы екі тең бөлікпен жылдың екінші және төртінші тоқсанының соңғы айының, 5 күніне дейін жүзеге асырылады.

Қазақстан Тарабының уәкілетті органы Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігіне қаражатты аудару үшін төлем алушыны және қаржы деректемелерін көрсете отырып хабарлама жібереді және көрсетілген қаражатты алғаны туралы оны х а б а р д а р е т е д і .

Төлем алушы және (немесе) оның қаржы деректемелері өзгерген жағдайда Қазақстан Тарабының уәкілетті органы кезекті төлем мерзімі өткенге дейін бір айдан кешіктірмей Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігін бұл туралы хабардар етуге м і н д е т т і . "

2. Осы Хаттама ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы өзара консультациялар мен келіссөздер жолымен шешілетін болады.

Тараптардың біреуінде бірлескен шешімді талап ететін мәселелер туындаған кезде осы Тарап екінші Тарапқа келіссөздер басталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей ж а з б а ш а х а б а р д а р е т е д і .

3. Осы Хаттама Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күнінен бастап күшіне енеді.

2005 жылғы 25 қарашада Мәскеу қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҮКІМЕТІ ҮШІН  
ҮКІМЕТІ ҮШІН*

*РЕСЕЙ  
ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ*